

Акцизделетін алым маркаларын сату мен таңбаланған тауарларды кедендік ресімдеудің тәртібі

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы кеден комитеті 1995 жылғы 27 қазан N 158-П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 11 желтоқсанда N 135 тіркелді. Ескерту. Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 1997 жылғы 24 сәуірдегі N 180-П бұйрығымен күші жойылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Жарлығы мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 592 P950592_ "Қазақстан Республикасы аумағында акцизделетін алым маркаларын енгізу және таңбалауға жататын акцизделетін тауарларды өткеру туралы" Қаулысын орындау , Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін кейбір акцизделетін тауарларды таңбалау тәртібін одан әрі жалғастыру мақсатында бұйырамын:

1. Акцизделетін алым маркаларын сату мен таңбаланған акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеудің тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің бекіткен 1995 жылғы 24 шілдедегі N 55 Қазақстан Республикасының Кеден аумағына әкелінетін кейбір акцизделетін тауарларды таңбалау тәртібі туралы уақытша Нұсқау күшін жойған болып есептелінсін.

3. Баспасөз қызметі (Мұратбаева Ә.О.) осы Бұйрықтың ережелерін баспасөзде , телевидение мен радиода жариялауға кіріссін.

4. Облыстар бойынша кеден басқармалары мен кеден бастықтары:

- осы Бұйрықтың қолданылатыны туралы барлық құрылымдық бөлімшелерге

жеткізсін және оның дұрыс орындалуын қамтамасыз етсін.

- импорттаушыларға Қазақстан Республикасының аумағына кеден басқармалары мен (кедендер) жайғасқан жерлерге орналастыру жолымен таңбалауға жататын акцизделетін тауарлардың кейбір түрлерін әкелудің ережелерінің, акцизделетін алым маркаларын сату мен таңбаланған акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеудің тәртібінің өзгергені туралы хабарласын.

Төраға

1. Акцизделетін алым маркаларын сатып алудың тәртібі

1.1. Акцизделетін алым маркаларын (бұдан әрі - маркаларды) сатып алушы импорттаушы Қазақстан Республикасы акциздік кеден күзетінің акцизделінетін алым маркаларымен жұмыс істейтін бөліміне (бұдан әрі - Бөлімге) төмендегідей құжаттарды:

Алғаш рет қайырылғанда - нотариальды жолмен куәландырылған құжаттардың көшірмелерін;

- тіркеу туралы куәлікті;
- Жарғыны;
- Мемлекеттік статистика комитетінің тіркеу куәлігін;
- түпнұсқаларды;
- салық инспекциясынан анықтаманы;
- валюталық шот ашу туралы банктің анықтамасын;
- ұлттық валютада шот ашу туралы банктің анықтамасын көрсетеді.

Бөлім қызметкері осы Тәртіптің N 1 Қосымшасында көрсетілген нысан бойынша арнайы Журналға ұйым туралы мәліметтерді жазады және аталған құжаттарды іске қосып тіркейді.

1.2. Бөлім қызметкері осы Тәртіптің 1.1.тармағында көзделген әрекеттер орындалғаннан кейін импорттаушыдан:

- осы Тәртіптің N 2 Қосымшасында көрсетілген нысан бойынша 3 данада жасалған Маркаларды сатып алуға өтінішті;

- тауарлардың әкелінуі жүргізілетін сыртқы саудалық келісім-шарттың түпнұсқасы мен көшірмесін (тексеру жүргізілгеннен кейін келісім-шарттың түпнұсқасы импорттаушыға қайтарылады);

- Ұлттық банктің ГРКЦ ГАТУ Кеден комитетінің N 1141113 шотына, коды 109, МФО 1905011009, РНН 600700010537 Маркаларды төлеу бойынша ақшалай қаражатты аударуға төлем тапсырысы, бұл ретте төлем құжатының "Төлемнің мақсаты" бағанында міндетті түрде "1995 жылы " ____ " _____ N _____ _келісім шарт бойынша акцизделетін алым маркалары үшін ақы төлеу" деген жазу болуы керек.

Маркалар сыртқысаудалық келісім-шартта көзделген тауарлардың әртүрінің санының 102 процентінен аспайтындай мөлшерде сатылады.

Маркаларды сатып алу үшін ақша қаражатының мөлшері және шетел валютасын ұлттық валютаға аудару бағамы мына формуламен анықталады:

С - Стм * Кт * Кекю, бұл арада

С - Маркаларды сатып алу үшін ақша қаражатының сомасы;

Стм - ЭКЮ-мен белгіленген марканың құны;

Кт - таңбалауға жататын тауардың (темекі бұйымдарына үшін - пачка саны, арақ-шарап бұйымдары үшін - шөлмек саны) саны;

Кекю - Маркаларды сатып алуға өтініш берілген күнге дейін қолданылатын ЭКЮ бағамы;

Маркаларды сатып алу үшін ақша қаражаты Қазақстан Республикасы ұлттық валютасымен төленеді.

1.3. Маркаларды сатып алуға өтініш ондағы мәліметтер тексерілген соң оған тіркеу нөмірін беру және таңбалауға жататын акцизделетін тауарларды әкелетін ұйымдардың сыртқысаудалық операцияларының есебі туралы Журналына (бұдан әрі - Журнал) тиісті жазу өндіру жолымен тіркеледі, одан соң Күзет Өтініштің бірінші данасын өзінде қалдырады, өзгелері импорттаушыға беріледі.

Импорттаушының Өтініштің телефондары жазылған, төлем құжаттары мен көшірмесі қоса тіркелген бірінші данасы есеп берудің қатаң қаржы құжаттарын сақтау үшін көзделген тәртіппен Күзеттің іс қағаздарында, бақылауында болады.

Одан кейін Күзет тиісті кеден басқармасы арқылы немесе дербес әр аптаның дүйсенбі, сәрсенбі күндері Кеден комитетінің жанама табыстар бөліміне төмендегідей мәліметтерді (N 3 Қосымша):

_ импорттаушының атауын, оның заңдық мекен-жайын;

- сыртқы саудалық келісім-шарттың деректемелерін;

- өтініштің тіркеу нөмірін;

- ақшалай қаражаттың сомасын;

- тапсырысқа берілген Маркалардың түрі мен саны;

- Кеден комитетіне Маркаларды төлеу бойынша ақшалай қаражатты аударуға төлем тапсырысының нөмірі мен күнін;

- импорттаушының төлем жүргізілген банкілік деректемелерін хабарлап отырады.

Жанама табыстар бөлімі Кеден комитетінің бухгалтериясына Маркаларды сатып алу бойынша ақшалай қаражатты аударуға төлем тапсырысының нөмірі мен күнін және - импорттаушының төлем жүргізілген банкілік деректемелерін береді.

Кеден комитетінің шотына импорттаушының төлеген ақшалай қаражаты іс жүзінде келіп түскен соң Кеден комитеті әр аптаның бейсенбі, жұма күндері Күзетке ақшалай қаражаттың (N 4 Қосымша) келіп түскені туралы хабарлап отырады, бұл ретте - импорттаушының атауы, оның заңдық мекен-жайы;

- сыртқысаудалық келісім шарттың деректемелері;

- ақшалай қаражаттың сомасы;
- төлем тапсырысының нөмірі мен күні көрсетіледі.

Одан соң ақша Маркаларды сатып алуға өтініштің бірінші данасында "Ақша қаражаты түсті" деген белгі жасалып, оны жасаған лауазымды адамның қолымен және жеке нөмірлік мөрімен куәлендіріледі.

Осындай белгі төлемнің күні мен Кеден комитеті шотына түскен түсімдердің күні көрсетіліп, Журналға жазылады.

Бөлімге берілген құжаттар Журналдың анықтамалық нөміріне сәйкес нөмірленген іске жайғастырылады.

Жанама табыстар бөлімі Маркалар үшін түскен ақшалай қаражаттың саны бойынша деректерді жалпылап қорытады. Бұл деректер маркаларды әзірлеуге өтінішке тіркеледі, аптасына кем дегенде бір рет Ұлттық банктің өндірістік кәсіпорындар дирекциясына жіберіледі. Ұлттық банктің өндірістік кәсіпорындар дирекциясы тапсырыс берілген Маркалардың құнын анықтаған соң Кеден комитетінің бухгалтериясы Маркаларды әзірлеуге шотқа ақы төлеуді жүргізеді. Кеден комитетінің ағымдық шотында қалған сома Кеден комитетінің депозиттік шотына аударылады.

2. Маркаларды беру

2.1. Маркаларды әзірленген соң Кеден комитетінің жанама табыстар бөлімі Күзетке Маркаларды әзірлеу туралы (N 5 Қосымша):

- Маркалардың нөмірі мен сериясын;
- даяр етілген Маркалардың санын;
- сыртқысаудалық келісім-шарттың деректемелерін;
- импорттаушының атауын және оның банкілік деректемелерін көрсетіп хабарлайды.

Маркалардың тапсырысқа берілген партиясы туралы мәліметтер алынған соң Күзет импорттаушылардың өтініштеріне сәйкес әзірленген тапсырыс берілген Маркалардың тіркеу нөмірлерін ғана көрсетіп, Күзет орналасқан жерді ақпаратты жайғастыру жолымен, не Күзет анықтайтын өзге әдіспен импорттаушыларға Маркаларды әзірлеуге тапсырыстарының орындалғаны туралы хабарлайды.

2.2. Маркаларды алу үшін импорттаушы Күзетке төмендегідей құжаттарды:

- Күзетте сақталатын өтініштің данасында жазылған жазудың негізінде "Ақша қаражаты түсті" деген белгі жасалатын және жазуды жазған лауазымды адамның жеке нөмірлік мөрімен куәлендірілген Маркаларды сатып алуға өз қолында бар өтініштің екінші және үшінші даналарын ұсынады. 2.5. тармақта көзделген әрекеттерден кейін импорттаушыға беріліп, Өтініштердегі күндер сәйкес келуі тиіс.

- осы Тәртіптің N 6 Қосымшасында келтірілген нысан бойынша екі данада

жазылған шекарадағы кеден өткелі арқылы Қазақстан Республикасы Кеден аумағына жүкті алып келу жоспарланып отырылған өткел көрсетіліп, импорттаушы анықтайтын мерзім ішінде Қазақстан Республикасы кеден аумағына тауарлардың іс жүзінде әкелінуі, мұндай тауарларды кеден органына көрсету, оларды белгілі бір терминалға орналастыру және тиесілі кеден төлемдерін төлеу туралы жазбаша міндеттемені ұсынады, міндеттемеде көрсетілген мерзім импорттаушының Маркаларды алған күнінен бастап сегіз айдан аспауы керек, бір данасы Күзеттің іс қағаздарында қалады, екіншісі импорттаушыға беріледі.

- таңбаланатын тауар үшін кеден төлемдері мен салықтары төленуге жататын жағдайларда кеден баждарын, қосымша құнға салықты және маркаларды сатып алу кезінде төленбеген акциздің бір бөлігін кеден органына ақша аудару бойынша төлем тапсырысы банк немесе өзге несиелік мекеменің кеден заңдарына сәйкес кепілдік міндеттемесін төлеуді қамтамасыз ету құжатын:

- сенім хатты (N 7 Қосымша) және оның көшірмесін ұсынады.

Импорттаушының міндеттемеде мәлімдеген мәліметтері Журналға жазылады.

2.3. Күзет импорттаушы берген сенімхатты Маркалармен жұмыс істейтін жауапты лауазымды адамның жеке нөмірлік мөрі мен қойылған қолымен куәлендіріледі, бұл ретте сенім хатта "Келісілді" деген белгі қойылады. Күзеттің белгісі қойылған сенім хат импорттаушыға беріледі, сенім хаттың көшірмесі Күзеттің іс-қағаздарында қалады. Осындай жұмысты жүргізген кезде Кеден комитетіне Маркаларды қабылдау мен сатып алуға құжаттарды беруге жауапты инспекторлардың жеке нөмірлік мөрлері мен қолдарының үлгілерін ұсынады.

2.4. Таңбалау үшін Маркалар сатып алынған тауарлар міндеттеменің қабылданған күнінен бастап сегіз айдан кешіктірілмей белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы кеден аумағына іс жүзінде әкелінуі тиіс.

2.5. Импорттаушыға немесе импорттаушының уәкілдігі бар өкіліне маркаларды беру Күзеттің белгілері бар өтініштің екінші және үшінші даналарын, Маркаларды сатып алуға ақша қаражатын аудару бойынша кеден тапсырысының данасын, банктің тиісті көшірімін, сенімхатты, сенімхатта көрсетілген адамның жеке басын куәлендіретін төлқұжатты немесе басқа құжатты көрсеткен кезде Күзет куәлендіретін сенімхатты көрсеткен кезде жүргізеді.

Маркаларды алу үшін Кеден комитетінің бухгалтериясы импорттаушыдан Күзет куәлендіретін сенімхатты алып қояды және маркаларды алуға басқа сенімхат беріледі, оған сәйкес Ұлттық банктің өндірістік кәсіпорындар дерекциясынан Кеден комитетінің жанама табыстар бөлімінің лауазымды адамдары маркаларды алады.

Импорттаушыға Маркаларды беру кезінде Кеден комитетінің бухгалтериясы Кеден комитетінен импорттаушының Маркаларды алуға жол құжатын (N 11 Қосымшаны) ресімдейді.

Есеп берудің қатаң қаржы құжаттарын сақтау тәртібіне сәйкес Күзеттің белгілері бар өтініштің екінші данасы, Ұлттық банктің өндірістік кәсіпорындар дирекциясынан Маркаларды алуға және импорттаушыға Маркаларды беруге жол құжатының көшірмесі, кезінде Кеден комитетінің Маркаларды сатып алуға төлем құжатының көшірмесі жанама табыстар бөлімінің істеріне тігіледі.

Таңбалауға жататын Маркалардың сақталуы мен жеткізілуі, акцизделетін тауарларға желімдеу үшін одан арғы жауапкершілік импорттаушының мойнында болады.

2.6. Кеден комитетінің жанама табыстар бөлімі Маркаларды іс жүзінде берген соң Күзетке импорттаушының Маркаларды алғаны туралы (N 12 Қосымшада):

- импорттаушының атауы;
- өтініштің тіркеу нөмірі;
- сыртқысаудалық келісім-шарттың деректемелері;
- берілген Маркалардың саны, сериясы мен нөмірі көрсетіп, Күзетке хабарлайды.

Жеткізуді бақылау бөлімі алынған деректердің, сондай-ақ Күзеттегі бар мәліметтердің негізінде байланыстың арнайы арналары бойынша таңбаланатын тауарларды әкелу үшін импорттаушының анықтаған шекаралық өткеру орнына Маркалардың нөмірі және сериясы, саны, кеден төлемдері мен салықтарын төлеуді қамтамасыз етуді қабылдау, импорттаушының Маркаларды сатып алуға өтінішінің тіркеу нөмірі, Акциз қоймасының (бұдан әрі - Қойма) атауы мен мекен-жайы туралы мәліметтерді жібереді, бұл ретте тиісті кеден басқармасының КЖД ресімдеу журналында акцизделетін тауарларды тіркеу үшін орын сақталынады.

3. Маркаларды әкету

Қазақстан Республикасы Кеден аумағынан әкетілетін Маркаларды кедендік ресімдеу оңайлатылған тәртіппен жүргізіледі.

Декларациялау кеден органына Кеден комитетінен Маркаларды алуға жол құжаты данасы мен Өтініштің үшінші данасын көрсету жолымен жүзеге асырылады. Бұл ретте кедендік ресімдеу үшін экспорттық кеден бажы мен кеден алымдары алынбайды.

4. Таңбалаудың тәртібі

4.1. Еркін айналым үшін шығарудың кеден режиміне сәйкес Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін акцизделетін тауарларды Маркалармен

таңбалау Кеден комитетінің қалыпты актілерімен белгіленгеннен басқа жағдайларда Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тыс жерлерде жүргізіледі

4.2. Таңбалау осы Нұсқауда белгіленген ережелерге сәйкес осы үшін анықталынған жерде таңбалауға жататын тауарларға Маркаларды желімдеу жолымен жүргізіледі.

Темекі бұйымдарын таңбалау ережелері N 10 Қосымшада келтірілген.

Маркаларды желімдеу кезінде тауарды білдірмей, одан Марканың алынуына мүмкіндік бермейтіндей желім қолданылуы тиіс.

5. Таңбаланған тауарларды кедендік ресімдеу

5.1. Таңбаланған акцизделетін тауарларды қызмет аймағында Қазақстан Республикасы кеден аумағындағы өткізу пункті (бұдан әрі - шекаралық кеден органы) орналасқан кеден органы кедендік төлемдер төлеуді қамтамасыз етпей-ақ тауарларды кеден бақылауымен жеткізудің ережелеріне сәйкес импорттаушының Маркаларды сатып алуға өтінішінде және тауарларды әкелу туралы міндеттемесінде көрсетілген қоймаға жібереді.

Бұл ретте жеткізуді бақылау құжатында (ЖБҚ) "Сенім артушы" 50 бағанында Маркалардың нөмірі, сериясы мен саны көрсетіледі.

Тауарға ілеспе құжаттары немесе көлік құжаттарында осындай қойманың мекен-жайы көрсетілмеген жағдайда не мұндай құжаттарда басқа тауар алушының мекен-жайы көрсетілсе, онда тауарлар кеден бақылауымен жақын маңдағы қоймаларға орналастырылады.

5.2. Таңбаланған акцизделетін тауарлар қоймаға жеткізіліп орналастырылған соң қойманың иесі көрсетілген тауарлардың келгені туралы жүк алушыға не оның өкіліне хабарлайды.

Хабар беруді аймағында қызметі жүретін қойма орналасқан кеден органы лауазымды адамы куәлендіреді.

5.3. Таңбаланған акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеуді аймағында қызметі жүретін қойма орналасқан, осындай тауарлар түскен Күзет жүргізеді.

5.4. Күзет инспекторы белгіленген тәртіппен үлгілерін алып қойып, келген жүкті тексереді. Тексеру барысында инспектор:

- жүктің мөлшерін, сипатын;
- ораманың тұтастығын, жүктің күллі топтамасындағы бар Маркаларды, олардың сериясы мен нөмірін;
- Марканы желімдеудің сапасын анықтауға міндетті.

Бұл ретте қойма лицензиясының нөмірі, алып қойылған үлгілердің саны мен сипаты, тауар таңбаланған Маркалардың сериялары мен нөмірлері көрсетіліп, тексеру актісі жасалынады. Бұл арада таңбаланған тауардың табылғаны,

табылмағаны, бүлінгені, сондай-ақ бүлінген Маркалары бар тауар, алып қойылған үлгілердің мөртаңбасының нөмірі көрсетіледі.

Акт үш данада жасалынады, біріншісі - Күзеттің іс қағаздарына қалады, екіншісі - еркін айналымға шығаруды растайтын құжаттарды көрсеткен соң жүк алушыға беріледі, үшіншісі - Қойманың іс қағаздарында қалдырылады.

Алып қойылған үлгілер акт толтыру аяқталғаннан кейін мөртаңбаланып, жүк алушыға беріледі.

Күзет бастығының рұқсатымен тауарды Қоймаға кедендік ресімдеусіз орналастыру жоспарланса, онда инспектор көлік құралына мөртаңба салады.

5.5. Декларант Күзетке төмендегідей құжаттарды:

- осы Нұсқаудың 5.2.тармағында көзделген тауарлардың түсуі туралы хабарлау қағазын;

- тауарға ілеспе құжаттар және көлік құжаттарын;

- кеден декларациясын;

- кедендік төлемдердің төленгені туралы төлем құжаттарын;

- Маркаларды сатып алуға импорттаушының өтінішін және Маркаларды алғаны туралы жол құжатын;

- Жүкті тексеру актісін;

- кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүргізуге қажетті өзге де құжаттарды көрсетеді.

5.6. Кедендік жүк декларациясында (КЖД) "Сенім артушы" 50 бағанында декларант мәлімделінетін тауарлардың таңбаланған Маркаларының сериялары мен санын көрсетеді.

5.7. Кедендік төлемдер мен салықтарды есептеу мен есебін жүргізуді, КЖД тексеруді Күзет жүргізеді. Егер импорттаушы кедендік төлемдер мен салықтарды қамтамасыз ету үшін төлеуді жүргізсе, онда ағымдық төлемдер осы сомалар ескеріліп жүргізіледі, бұл ретте қамтамасыз етудің артық өндіріп алынған сомалары қайтаруға не келесі төлемдер есебіне жатады, ал кем төленген сомалар төлеуге жатады.

Кедендік төлемдер мен салықтарды қамтамасыз ету сомаларын есепке жатқызу үшін импорттаушы кеден басқармасына ағымдық кедендік төлемдері мен салықтарды (N 14 Қосымша) төлеу ретінде қамтамасыз ету сомаларын аударуға өтінішті көрсетеді.

Алуы кеден органдарына жүктелген кедендік ресімдеу үшін кеден бажы,

қосымша құнға салық, кедендік алымдар мен басқа да салықтардың есебін жүргізу кеден декларациясы қабылданған күнге дейін қолданылған ставкалар мен шетелдік валюталар бағамы бойынша жалпылай белгіленген тәртіппен

жүргізіледі.

Акциздердің есебін жүргізу мына формуламен жүргізіледі:

$$A = E A_m, \text{ бұл арада}$$

A - сыйымдылығы немесе бөлініп салынған ыдыстары түрлі тауарларды қосқанда СЭҚ ТН-сының бір тауарлық қосымша айқындамасына жататын мәлімделінетін топтамадағы барлық тауарлар бойынша акциздердің жалпы сомасы;

E - соманың белгісі;

A_m - белгілі бір сыйымдылықтағы немесе бөлініп салынған ыдыстағы тауарларға қатысты акциздің ЭКЮ мен сомасы, ол мына формуламен есептеледі:

$$A_m = K_t * A_c, \text{ бұл арада}$$

K_t - белгілі бір сыйымдылықтағы немесе бөлініп салынған ыдыстағы тауардың саны;

A_c - тиісті сыйымдылықтағы немесе бөлініп салынған тауардың бірлігіне акциздің ЭКЮ-мен ставкасы. Тауарларды кедендік ресімдеу кезінде төленуге тиісті акциздер сомасын есебін жүргізу мына формуламен жүргізіледі:

$$A_{пл} = A - A_m, \text{ бұл арада}$$

$A_{пл}$ - төленуге тиісті акциздің ЭКЮ-мен сомасы;

A_m - Маркаларды сатып аларда төленген акциздің ЭКЮ-мен сомасының бір бөлігі.

Акциздердің есептелген сомасы Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы арқылы төленеді.

Әкелінген таңбаланған тауар үшін ағымдық кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету сомаларының есебі жүргізілген соң немесе кеден басқармасының депозитіне тиесілі сомаларды іс жүзінде төлеген кезде Күзеттің кедендік ресімдеу бөлімінің лауазымды адамы КЖД 1 және 3 даналарында қолданылып жүрген кеден ережелеріне сәйкес төленгені туралы белгі жасайды, КЖД әр парағына "С" бағанында" тексерілді. Төлемдер төленді" деген белгі жасайды, ол қойылған қол және жеке нөмірлік мөрмен куәлендіріледі . Кедендік төлемдер мен салықтарды сомаларының түскенін бақылау үшін

Күзетте кеден басқармасының депозитіне ақша қаражатының түсуі, төлем тапсырысының нөмірі мен күні импорттаушының атауы мен банкілік деректемелері туралы белгілер жасау үшін картотека (N 15 Қосымша) жүргізіледі. Әкелінген таңбаланған тауар үшін кедендік төлемдерді төлеуге сомалардың іс жүзінде түскенін кеден басқармасымен салыстыра тексеруді тиісті кеден басқармасының төлемдер бөлімімен бірге Күзет аптасына кемінде екі рет жүргізеді, бұл ретте кеден басқармасының төлемдер бөлімінің картотекасына Күзетті таңбаланған тауарларды кедендік ресімдеу үшін жоғарыда аталған сомалардың түскені туралы белгілер жасалынады.

5.8. Таңбаланған тауарларды еркін айналым үшін шығаруды Күзет жүргізеді. Бұл ретте тауарды ресімдеуді Күзеттің инспекторы Журналдағы "КЖД нөмірі мен күні" бағанында тауардың шығарылған күні туралы тиісті жазуды жазады.

Тауар еркін айналым үшін шығарылған соң Күзет кеден комитетінің жанама табыстар бөліміне КЖД көшірмесін беру жолымен таңбаланатын тауарды кедендік ресімдеу туралы хабарлайды.

Жанама табыстар бөлімі өз кезегінде Кеден комитетінің бухгалтериясына хабарлайды. Бухгалтерия белгіленген тәртіппен Маркалар үшін төлем бойынша 6 тармаққа сәйкес Маркаларды әзірлеу үшін төлемнен соң қалған (1.3. тармақ), Кеден комитетінің депозиттік шотында бар соманы импорттаушыға немесе бюджетке қайтарады.

Тауарларды алушының өтініші бойынша Маркаларды сатуды жүзеге асырған Кеден комитетінің рұқсатымен барлық тиесілі кедендік төлемдер төлене отырып, Кеден комитетінің қалыпты актілері мен осы Нұсқаумен белгіленген тәртіппен шекаралық кеден органында еркін айналым үшін шығарудың кедендік режиміне орналастырылған таңбаланатын акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізуге жол беріледі.

5.9. Осы Нұсқаудың 5.8. тармағымен көзделген жағдайда жүк алушы не оның өкілі Кеден комитетіне шекаралық кеден органында таңбаланатын тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізуге рұқсат беру жөнінде жазбаша өтінішпен қайырылады.

Үш данада толтырылған мұндай қайырылым міндетті түрде:

- а) сыртқысаудалық келісімге сәйкес таңбаланатын тауарлар әкелінетін сол келісімнің нөмірі мен күнін;
- б) әкелінетін тауарлардың саны мен номенклатурасын;
- г) Маркаларды сатып алуға импорттаушының өтінішінің нөмірін;
- д) сатып алынған Маркалардың нөмірі мен сериясын;
- е) шекаралық кеден органының атауын қамтуы керек.

Жүк алушы не оның өкілінің өтінішін қанағаттандыратын кезде Кеден комитеті тиісті шекаралық кеден органын кедендік ресімдеуге рұқсат берілгені

туралы хабар береді, мұндай қайырылымның түпнұсқасына "Келісілді" деген жазу жазылады, жанама табыстар бөліміне басшылық жасайтын Кеден комитеті төрағасының орынбасарының қолымен және Кеден комитетінің мөрімен куәлендіріледі. Өтініштің бір данасы Кеден комитеті жанама табыстар бөлімінің іс қағаздарына қалдырылады, екіншісі Күзетке жіберіледі, үшіншісі импорттаушыға беріледі.

5.10. Шекаралық кеден органында таңбаланатын тауарлардың кедендік ресімдеу үшін декларант төмендегідей құжаттарды:

- шекаралық кеден органында таңбаланатын тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізуге келісім туралы растауымен қайырылымның түпнұсқасын;

- Кеден комитетінің қалыпты актілеріне сәйкес кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүргізу үшін қажетті құжаттарды көрсетеді.

5.11. Кедендік ресімдеу аяқталған соң шекаралық кеден органы шекарада тауарларды ресімдеуге рұқсат берген кеден комитетіне, Күзетке КЖД-ның куәлендірілген көшірмесін екі күн ішінде фельдъегерлік және арнайы байланыспен жібереді.

5.12. Таңбаланған акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеуге жол берілетін шекаралық кеден органдарының тізбесі Кеден комитетінің 1995 жылғы 19 қыркүйектегі N 111-П Бұйрығымен анықталады.

6. Кедендік төлемдер мен салықтар бойынша жеңілдіктер қолданылатын тауарларды ресімдеу үшін Маркаларды сатудың ерекшеліктері

6.1. Кедендік төлемдер мен салықтар бойынша жеңілдіктер қолданылатын, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттерден әкелінетін акцизделетін тауарларды (ТМД тауарларын) таңбалау үшін Маркаларды беру кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз етпей-ақ 2.4. және 2.5. тармақтарынан басқа жағдайларда осы Нұсқаудың 1 және 2 тарауларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6.1. тармақта көрсетілген тауарларды әкелуді жүзеге асыратын импорттаушылар Маркаларды әзірлеу мен сақтаудың құнын төлейді. Маркалар үшін төлеу бойынша сома түрінде акциздің бір бөлігі таңбаланған тауарларды кедендік ресімдеуден кейін импорттаушыға қайтарылуға тиіс.

6.2. Таңбалау үшін Маркалар сатып алынған, ТМД елдерінің аумақтарында өндірілген және осы аумақтардан әкелінетін тауарлар Қазақстан Республикасы кеден аумағынан іс жүзінде әкетіліп және импорттаушының Маркаларды алған күнінен бастап 1 жылдан кешіктірілмей кеден органына көрсетілуі тиіс.

6.3. Қазақстан Республикасы аумағынан Маркаларды әкету және ТМД тауарларын таңбалау осы Нұсқаудың 3 және 4 тарауларына сәйкес жүргізіледі.

6.4. ТМД-ге қатысушы мемлекеттерден әкелінетін таңбаланған акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеу осы Нұсқаудың 5 тармағында көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады.

Кедендік төлемдер мен салықтар республиканың қолданылып жүрген заңдарына сәйкес алынады.

Бұл ретте кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз етпей-ақ тауарларды кеден бақылауымен жеткізудің ережелеріне сәйкес тауарларды өткізу шекаралық кеден органына еркін сауда аймағын құру туралы Келісімге қатысушы мемлекеттің кеден аумағынан тауарлардың шыққанын растайтын тауарлардың шыққаны туралы СТ-1 нысаны бойынша сертификат-декларацияны көрсеткенде ғана жүргізіледі.

Жоғарыда көрсетілген талаптар сақталмаған жағдайда ТМД-ге қатысушы мемлекеттерден әкелінетін таңбаланған тауарлар банк операцияларын кейбір түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйымның кепілі немесе шекаралық кеден органының депозитіне тиесілі сомаларды салу түрінде кедендік ресімдеу үшін кеден алымдарын, импорттық кеден бажын, қосымша құнға салықты, Маркаларды сатып аларда төленбеген акциздердің бір бөлігін төлеуді қамтамасыз еткен жағдайда кеден бақылауымен тауарларды жеткізудің ресімдерімен орналастырылады.

Осы тармақтың ережесі теміржолды қосқанда транспорттың барлық түрлерімен таңбалауға жататын тауарларды әкелу кезінде қолданылады.

6.5. ТМД-ның таңбалауға жататын акцизделетін тауарларын кедендік ресімдеу үшін кеден алымдарын есептеу шығарылуы ресейлік және белорусьтік тауарлардан басқаларына қатысты жалпылай белгіленген тәртіппен жүргізіледі, ал Ресей мен Белорусьтің аумағынан әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеу үшін кеден алымдары алынбайды.

7. Пайдаланылмаған Маркаларды қайтару

7.1. Таңбалауға жататын акцизделетін тауарларды осы Нұсқаудың 2.6. және 6.2. тармақтарында көзделген мерзімде қосу жөніндегі сыртқысаудалық келісімді орындамаған не жартылай орындаған жағдайда импорттаушы көрсетілген мерзім өткенге дейін импорттаушыға Маркаларды сатқан Кеден комитетіне барлық пайдаланылмаған Маркаларды қайтаруға міндетті.

Сонымен бір мезгілде импорттаушы акциздік Кеден комитетіне төмендегідей құжаттарды:

- оған Маркаларды қайтарудың себебі және сатып алынған кезде төленген ақша қаражатын қайтару туралы сұрау көрсетілген жазбаша өтінішті;
- өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттарды;
- Маркалардың алынғаны туралы түбіртектің данасын;

- импорттаушының Маркаларды сатып алу үшін өтініші данасын көрсетуге міндетті.

Импорттаушының өтінішін Кеден комитетінің жанама табыстар бөлімі қабылдайды, бұл жөнінде импорттаушының Маркаларды қайтару туралы өтінішінде тиісті белгі жасалынады.

Өтініш қабылданған соң қайтарылған Маркалар және жоғарыда аталған құжаттар Кеден комитетіне жіберіледі.

7.2. Тауарларға желімдер кезде Маркалар бүлінген жағдайда импорттаушы импорттаушыға Маркаларды сатқан Кеден комитетіне барлық бүлінген Маркаларды көрсетуге міндетті.

7.3. Бүлінген Маркалар қағаздың жеке парақтарына төмендегідей ережелер:

- Маркалар жапсарсыз және тегіс етіліп желімденуі;
- Маркалар Маркалардың серияларының нөмірлері мен Марканың орталық бөлігі анық көрінетіндей болып желімденуі;
- Маркалар жыртылып қалса бөліктері біріктірілуі;
- импорттаушының қайтаратын әр бүлінген Маркасының жалпы алаңы (оның ішінде біріктірілген бөліктері де) алғашқы көлемінің кемінде 60 процентін құрауы сақтала отырып желімденуі керек.

7.4. Импорттаушы Кеден комитетіне осы Нұсқаудың 7.1. тармағында көзделген құжаттарды көрсетуге міндетті.

Импорттаушының өтінішін акциздік кеден бекетінің бастығы қабылдайды, бұл жөнінде импорттаушының өтінішінде Маркаларды қайтару туралы тиісті белгі жасалынады.

Өтініш қабылданған соң қайтарылған Маркалар және жоғарыда аталған құжаттар Кеден комитетіне жіберіледі.

7.5. Пайдаланылмаған не бүлінген Маркалар үшін ақша қаражатын қайтаруды импорттаушының өтініш Маркалар алынған күннен бастап 1 жылдан кешіктірілмей берілген жағдайда Кеден комитеті жүргізеді.

Импорттаушының тілегі бойынша ақша қаражаты, жаңа Маркалар не акциздер үшін ақы төлеу есебіне жатқызылуы мүмкін.

7.6. Импорттаушыға Маркаларды сатып алу кезінде оның төлеген ақша қаражатының сомаларын қайтару сату-сатып алу немесе айырбастау туралы нақты сыртқысаудалық келісім-шартқа сәйкес нақты сериялары мен үлгілері бар барлық бүлінген Маркалар үшін жүргізіледі.

7.7. Көрсетілген құжаттардың негізінде Кеден комитеті импорттаушыға Маркаларды сатып алу кезінде оның төлеген ақша қаражатын Маркаларды даярлау, сақтау шығыстарын жабуға кететін сома ұсталып қайтарылады.

8. Пайдаланылмаған Маркаларға бақылау

8.1. Күзет Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінген таңбаланған тауарлардың немесе импорттаушының қайтарған Маркаларының санының сатып алынған маркалардың санына сәйкес келуін, сонымен қатар аталған тауарлардың әкелінуінің мерзімдерін тексеру жолымен Маркаларының пайдалануына бақылауды жүзеге асырады.

8.2. Осы Нұсқаудың 2.6. және 6.2. тармақтарында көзделген мерзімге дейін таңбалауға жататын акцизделетін тауарларға байланысты импорттаушы Күзет алдында Маркалардың пайдаланылуы туралы:

- таңбаланған тауарлардың кедендік ресімдеуі жүргізілетін кедендік жүк декларацияларын;

- пайдаланылмаған не бүлінген Маркаларды көрсете отырып есеп береді.

Бұл ретте сатылған Маркалардың саны мен сериялары кедендік жүк декларацияларының 50 бағанында көрсетілген не импорттаушының қайтарған пайдаланылмаған не бүлінген Маркаларының саны мен серияларына сәйкес келуі керек.

8.3. Дәлелді себептермен ерекше жағдайларда импорттаушы Күзеттен сатып алған Маркалары үшін оның алдында белгіленген мерзімде есеп бере алмаса, Кеден комитетін импорттаушының мерзімді ұзарту жөнінде сұрауын көрсеткен жазбаша өтініші бар болған жағдайда бұрын белгіленген мерзімнен екі ай асырмай мерзімді ұзарту туралы шешім қабылдай алады.

8.4. Осы Нұсқаудың 8.2. тармағында белгіленген талаптар орындалған жағдайда кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету мақсатында берілген банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйымның кепілі өз әрекетін тоқтатады, ал осы мақсатта Күзеттің депозитіне салынған сомалар ақы төлеушіге қайтарылады.

8.5. Осы Нұсқаудың 8.2. тармағында белгіленген талаптар орындалмаған жағдайда Күзет импорттаушыдан N 3 Қосымшада келтірілген ставкалар бойынша есептелген сомада кедендік төлемдерді өндіріп алады.

Банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйымның кепілімен кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету кезінде Күзет банкке көрсетілген сомаларды төлеуі тиісті екені туралы талап қоя алады.

Күзет депозитіне ақша қаражатын салу жолымен кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету кезінде осындай ақша қаражаты республикалық бюджеттің кірісіне аударылады.

Республикалық бюджеттің кірісіне аударылған ақша қаражатын қайтаруды кеден органдары жүзеге асырмайды.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Қазақстан Республикасы кеден аумағына таңбаланбаған акцизделетін

тауарларды (транзиттің кеден режиміне сәйкес өткізілетін тауарлардан басқалары) әкелу кезінде шекаралық кеден органы мұндай тауарларды кеден бақылауымен кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету ретінде ішкі кеден органының депозитіне салған жағдайда тауарларды алушының қызметі өтетін кеден органында орналасқан уақытша сақтау қоймалары мен кеден қоймаларына жібереді. Тауарларды алушы Күзет орналасқан қызметі өтетін кеден басқармасында орналасатын болса, онда таңбаланбаған тауарларды Күзеттің қызметі өтетін кеден органында орналасқан қоймаларға орналастырылады.

Осы тармақтың ережесі теміржолды қосқанда транспорттың барлық түрлерімен таңбалауға жататын тауарларды әкелерде қолданылады.

9.2. Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінген таңбаланбаған акцизделетін тауарлар міндетті түрде осы Нұсқаудың 9.1. тармағында көзделген қоймаларға орналастырылады.

9.3. Таңбаланған тауарлар таңбалауға жатпайтын басқа тауарлармен бірге тауар топтамасының бөлімін құрайтын жағдайда мұндай тауарларды Күзет жалпыға бірдей тәртіппен кедендік ресімдеуі тиіс.

9.4. Таңбаланбаған акцизделетін Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің акциздерді төлемей-ақ әкелу үшін белгіленген өткізудің нормасынан асатын тауарлар осындай нормаларын асатын бөлігінде Қазақстан Республикасы кеден аумағынан

өткізуге жатпайды.

10. Таңбаланбаған тауарлардың кері импорты

Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін таңбаланбаған акцизделінетін қазақстандық тауарлар осы Нұсқаудың 9.1. тармағында көзделген тәртіппен кеден бақылауымен тауарларды жеткізу ережелеріне сәйкес өткізіледі.

Мұндай тауарлар Қазақстан Республикасы аумағында өткеру үшін міндетті түрде таңбалауға жатады.

№ 1 Қосымша

Таңбалауға жататын акцизделетін тауарларды әкелетін ұйымдардың сыртқысаудалық операцияларының есеп журналы

п/п	коды	нөмірі,	маркалар	төлем	ларға	күзеті	аударуға												
			маркалар.		кұжатының	ақы	шотына	төлем											
			ды сатып		нөмірі	сомасы	ақша	кұжаты.											
			алуға		мен күні		қаража	ның											
			өтініштің	Марка	саны		ты	нөмірі											
			күні	түрі			түскен	мен күні											
			сериясы				күн												
1	2	3	4	5	6	7	8	9											

Кепіл	Тауар.	КЖД	КЖД	КЖД	Қайта.	Төлем	Кеден	ҚР КК											
сомасы,	ларды	нөмі.	бойын.	кеден	рылған	тапсы.	күзет	ақша											
банк	ресім.	рі	ша	төлем.	Марка.	рысы,	шотына	ауда.											
дерек.	деудің	мен	тауар	дерінің	лар	инкассо	ақша	төлем											
темеле.	шектік	күні	саны	сомасы	саны	тапсы.	қараж.	құжа.											
рі	мерзімі		түрлері	рысы	түскен	тының													
			бойынша	нөмірі	күні	нөмірі,													
					күні	күні													
					өн. алу														

10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18

№ 2 Қосымша

Қазақстан Республикасы
Кеден комитеті төрағасының
орынбасарына

тіркеу N _____ 199 ж " ____ " _____
(КБ коды және тіркеу нөмірі)

Акцизделетін алым маркаларын сатып алуға
ӨТІНІШ

(ұйымның толық атауы, ҚҰЖС коды, мекен-жайы, банк деректемелері)

_____ саны _____ дана, сомасы _____ ЭКЮ;
(марканың түрі)

_____ саны _____ дана, сомасы _____ ЭКЮ;
(марканың түрі)

жалпы сомасы _____ ЭКЮ.
(жазумен)

акцизделетін алым Маркаларын сатуды сұрайды.

Тауарларды сатып алуға қажетті маркалардың көрсетілген саны:

(тауарлардың номенклатурасы мен саны, темекі бұйымдары үшін әр

пачка мен сигарет бұйымдары саны, арақ-шарап бұйымдары -

сыйымдылық түрімен шөлмек саны)

Көрсетілген тауарлар сыртқысаудалық келісім бойынша

_____ N _____ фирмасымен бірге сатылып алынады.

(терминалдың мекен-жайы)

және терминалына ұсынылатын болады.

Маркаларды сатып алуға ақша қаражаты

№ _____ төлем құжатымен 1995 ж _____

_____ сомада Кеден комитетінің шотына салынады.

(жазумен)

"Акцизделетін тауарларды таңбалаудың тәртібі туралы" Нұсқаудың ережелерімен таныстырылды.

Ұйымның басшысы _____ аты-жөні

Бас бухгалтері _____ аты-жөні

(қолы)

М.О.

Қаражат түскені туралы

Кеден комитетінің белгісі

№ 3 Қосымша

"Мәлімет берілді" нысаны бойынша мәліметтер

Қазақстан Республикасы

Кеден комитетінің Кеден
табыстары басқармасы
жанама табыстар бөлімі

_____ бойынша кеден басқармасының акциздік кеден

(облысы)

күзеті төмендегі импорттаушылардан акцизделетін алым маркалары алуға төлем тапсырмалары және өтініштерді қабылдау туралы хабарлайды:

1. Өтініш N _____ 1995 ж " ____ " _____

(КБ коды және тіркеу нөмірі)

_____ қабылданды

_____ (импорттаушының атауы)

мекен-жайы: _____

(импорттаушының заңды мекен-жайы)

_____ банкідегі шот N _____

қалалар _____, МФО _____

_____ фирмасымен келісім-шарт

(экспорт. шетел. фирманың, елдің атауы)

1995 ж. " ____ " _____ N _____

Маркаларды мына санда сатып алу үшін ақшалай қаржы:

_____ дана _____

(тауардың түрі темекі түрі мен бұйымдары

_____ алкоголь өнімдері)

1995 ж. " ____ " _____ N _____ Кеден комитетіне

төлем тапсырыстарымен аударылды.

2. Өтініш N _____ 1995 ж " ____ " _____

(КБ коды және тіркеу нөмірі)

_____ қабылданды

_____ (импорттаушының атауы)

мекен-жайы: _____

(импорттаушының заңды мекен-жайы)

_____ банкідегі шот N _____

қалалар _____, МФО _____

_____ фирмасымен келісім-шарт

(экспорт. шетел. фирманың, елдің атауы)

1995 ж. " ____ " _____ N _____

Маркаларды мына санда сатып алу үшін ақшалай қаржы:

_____ дана _____

(тауардың түрі темекі бұйымдары

_____ алкоголь өнімдері)

1995 ж. " ____ " _____ N _____ Кеден комитетіне
төлем тапсырыстарымен аударылды
_____ облысы бойынша
кеден басқармасы кеден
күзетінің бастығы _____
аты-жөні _____

N 4 Қосымша

"Ақшалай қаржылар келіп түсті" нысаны бойынша мәліметтер
_____ облысы
бойынша Кеден басқармасы
Акциздік кеден күзеті

Қазақстан Республикасының Кеден комитеті төмендегі Өтініштер
бойынша Акцизделетін алым Маркалары үшін ақшалай қаржылардың түскені
туралы хабарлайды:

1. Өтініш N _____ 1995 ж. " ____ " _____
(КБ коды және тіркеу нөмірі)
_____ қабылданды

_____ (импорттаушының атауы)

мекен-жайы: _____
(импорттаушының заңды атауы)

_____ банкідегі шот N _____
қалалар _____, МФО _____

1995 ж. " ____ " _____ N _____

сомаға _____ теңгеге төлем тапсырысы
_____ фирмамен келісім-шарт

(экспорт. шетел. фирмасының, елдің атауы)

әкелуге _____

(тауардың атауы)

1995 ж. " ____ " _____ N _____

2. Өтініш N _____ 1995 ж. " ____ " _____

(КБ коды және тіркеу нөмірі)

_____ қабылданды

_____ (импорттаушының атауы)

мекен-жайы: _____

(импорттаушының заңды атауы)

_____ банкідегі шот N _____

қалалар _____, МФО _____

1995 ж. " ____ " _____ N _____

сомаға _____ теңгеге төлем тапсырысы
_____ фирмамен келісім-шарт

(экспорт. шетел. фирмасының, елдің атауы)

әкелуге _____

(тауардың атауы)

1995 ж. " ____ " _____ N _____

Төрағаның орынбасары _____ (Т.А - Ж)

N 5 Қосымша

"Әзірленген маркалар" нысаны бойынша мәліметтер

_____ облысы
бойынша Кеден басқармасының
Акциздік кеден күзеті

Қазақстан Республикасының Кеден комитеті төмендегі Өтініштер
бойынша Акцизделетін алым маркаларын әзірлеу туралы хабарлайды:

1. Өтініш N _____ 1995 ж. " ____ " _____ қабылданды.
(КБ коды және тіркеу нөмірі)

_____ (импорттаушының атауы)

мекен-жайы: _____

(импорттаушының заңды мекен-жайы)

келісім-шарт бойынша _____

(экспорт. шетел. фирмасының, елдің атауы)
1995 ж. " ____ " _____ N _____
Импортталатын тауар _____

(тауардың атауы)
Марканың нөмірі _____ сериясы _____
2. Өтініш _____ 1995 ж. " ____ " _____ қабылданды.
(КБ коды және тіркеу нөмірі)

(импорттаушының атауы)
мекен-жайы: _____
(импорттаушының заңды мекен-жайы)

Келісім-шарт бойынша _____
(экспорт. шетел. фирмасының, елдің атауы)

1995 ж. " ____ " _____ N _____
Импортталынатын тауар _____
(тауардың атауы)

Марканың нөмірі _____ сериясы _____

Төрағаның орынбасары _____ аты-жөні

Қосымша N 6
_____ облысы бойынша кеден басқармасының
_____ Акциздік Күзетінің бастығына
тіркеу N _____ 199 ж. " ____ " _____
(кеден органы толтырады)

Тауарды әкелу туралы
МІНДЕТТЕМЕ

(ұйымның толық атауы, ҚҰЖС коды, мекен-жайы, банк деректемелері)

199 ж. " ____ " _____ мерзімге дейін Қазақстан Республикасына
таңбалауға жататын тауарларды іс жүзінде _____

(шекаралық кеден органының атауы)

арқылы еркін айналым үшін шығарудың кеден режиміне сәйкес іс-жүзінде әкелуге _____

_____ мөлшерінде

(тауарлардың атауы)

_____ оларды орналастыруға

(тауарлар саны)

_____ (терминалдың атауы және мекен-жайы)

еркін айналым үшін шығарудың кеден режиміне орналастырып, кеден ресімдеуіне ұсынуға және сол кеден режимінде көзделген тиесілі кеден төлемдері мен салықтардың бәрін төлеуге міндеттенеді.

Ұйымның басшысы _____ аты-жөні

Бас бухгалтері _____ аты-жөні

(қолдары)

М.О.

"МІНДЕТТЕМЕ 199 " ____ " _____ ҚАБЫЛДАНДЫ"

Күзет инспекторы _____ аты-жөні

(қолы)

М.О.

№ 7 Қосымша

Ведомствоаралық типтік нысан N М - 2а

_____ КСРО ОСБ 14.12.72. N 816 бұйрығымен бекітілген

Сенімхат 1995 ж. " ____ " _____ дейін жарамды

тұтынушының атауы және оның мекен-жайы

төлеушінің атауы және оның мекен-жайы

шот N _____

банкілік атауы

СЕНІМХАТ N _____

берілген күні 1995 ж. " ____ " _____

берілді

лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты

Төлқұжат: серия _____ N _____ 199__ " ____ " _____ берілді

паспортты кім берді

_____ бойынша тауарлы-материалдық

тәртіптің нөмірі және күні

құндылықтарды _____ алуға

жеткізуші фирманың атауы

Алуға жататын тауарлы-материалдық құндылықтардың тізбесі

Жазу нөмі. рінің реті	Тауарлы-материалдық құндылықтар	Өлшем бірлігі	Саны (жазумен)
1	2	3	4

Сенімхатты алған адамның қолы _____ куәлендіреміз

N 8 Қосымша
N 434 - ар. нысаны
КСРО Қаржы министрлігі бекіткен
1973 ж. 27 XII N 323
_____ бөлімшесі

N _____ ЖОЛ ҚҰЖАТЫ (ТАЛАП)

мекеме жетекшісінің қолы

Негізі (мақсаты) _____ 19__ " ____ " _____

_____ арқылы

Бөлім	Көзі	Мекеме	Қойма	Алушы	Опе	Код
			(жөнелтуші) _____ _____			
			_____ жөнелтуші	Қос. шот шығыс		
			алушы	_____	бабы	
			_____	_____	_____	_____
			_____	_____	_____	_____
			_____	_____	_____	_____
			_____	_____	_____	_____

Атауы, сорты	Өлшем	Номенклатур.	Саны	Бағасы	сомасы
_____	бірлігі	нөмір _____	_____	_____	_____
_____	_____	талап жөнел. _____	_____	_____	_____
_____	_____	етіл. тілді _____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____

19__ ж " ____ " _____ Қабылдады (алды) Тапсырды (берді)

N 9 Қосымша

_____ облысы бойынша

кеден басқармасының акциздік
кеден күзеті

Қазақстан Республикасы Кеден Комитеті Акцизделетін алым
маркаларын беру туралы төмендегідей Өтініштер бойынша хабарлайды:

1. N _____ өтініш 1995 ж. " ____ " _____
(КБ коды ж. тір. нөмірі)

_____ қабылданды.

(импорттаушының атауы)

мекен-жайы: _____

(импорттаушының заңдық мекен-жайы)

_____ қаласы _____ МФО _____

банкіндегі шот N _____

_____ фирмасымен келісім-шарт

(шет елдік фирма-экспорт. атауы, елі)

1995 ж. " ____ " _____ N _____

_____ әкелуге

(тауар атауы)

сериялы _____ нөмірлі _____ Маркалар берілді.

Берілген күні 1995 ж. " ____ " _____

2. N _____ өтініш 1995 ж. " ____ " _____

(КБ коды ж. тір. нөмірі)

_____ қабылданды.

(импорттаушының атауы)

мекен-жайы: _____

(импорттаушының заңдық мекен-жайы)
_____ қаласы _____ МФО _____
банкіндегі шот N _____
_____ фирмасымен келісім-шарт
(шет елдік фирма-экспорт. атауы, елі)
1995 ж. " ____ " _____ N _____
_____ әкелуге
(тауар атауы)
сериялы _____ нөмірлі _____ Маркалар берілді.
Берілген күні 1995 ж. " ____ " _____
Төраға орынбасары _____ (аты-жөні)

N 10 Қосымша

ТЕМЕКІ БҰЙЫМДАРЫН ТАҢБАЛАУДЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жұқа/тығыз жұқа қорап

Жоғарғы жазықтықта орналасу

Жоғарғы жазықтықты жабатын этикетканың мәтіні не суреті қораптың алдыңғы жазықтығының бағытына қарай бағдарлануы және ортасы бойынша орналастырылуы тиіс қораптың оң және сол жағынан, алдыңғы және артқы қабырғаларынан бірдей қашықтықта. 1 сур.

Аударылмалы қақпағы бар қорап

Артқы жазықтықта 2а сур. және бүйірінен орналасу 2б сур.

Бүйірінен орналасқан жағдайда, этикетка артқы жағынан орналасуы тиіс. Бұрышты жауып қораптың бүйір жағынан ғана көшу керек.

Арақ-шарап өнімдері мен спиртті таңбалаудың ережелері

Акцизделетін алым маркасы ыдыстың тығындайтын капсуласының үстіне оның мойнына дұрыс кигізілетіндей болып желімделінеді. Марканың орталық (елтаңбалық бөлігі қақпақтың (тығынның) ортасына орналасуы керек. Желімденген марка ыдыстың ішіндегісі босатылар алдында сөзсіз бүлінуі керек. Маркаларды желімдеу үшін қолданылатын желім оның кеуіп кетуін және Марканың ыдыстан аршылып түсуін болдырмау үшін жоғарғы және төменгі

температураларға, ылғалдылықтың түрлі деңгейлеріне төзімді болуы керек. Марканы қайтадан қолдану ыдысты ашарда бүлінген Марканы бүтіндеу

мүмкіндігіне жол беруін қамтамасыз етуі керек. Таңбалауға керекті желімге талап сақтауға жауапкершілік тауарларды импорттаушыға жүктеледі.

Осы талаптар орындалмаған жағдайда кеден органдары Қазақстан Республикасы аумағына тауарларды шығармауға құқылы.

Ескерту: N 10 Қосымшаның суреттерін қағаздағы мәтіннен қараңыз.

Оқығандар:

Багарова Ж.А.
Икебаева А.Ж.